

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - С.5-8

АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Мендыбаева Лаура Жансериковна 1 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-
Сұлтан қ.

Аңшылық шаруашылықтары- жабайы жануарларды қорғау, өсімін молайту, өндірістік және әуесқой бағытта аңдар мен құстарды аулаумен айналысатын шаруашылық саласы[1].Қазіргі таңда аңшылық шаруашылығының бірнеше түрі дамыған: мемлекеттік, тұтынушы, одақтық және қоғамдық. Елімізде аңшылық шаруашылығына арнайы бөлінген 60 млн гектарға жуық жер бар.

Қазақстандағы тіркелген аңшылық шаруашылықтары республиканың әр алуан ландшафты аймақтарында орналасуына байланысты, кәсіптік ауланатын аңдарда неше түрлі болып келеді. Орманды-далалы аймақ түгелдей Солтүстік Қазақстан шегінен өтіп Қостанай, Көкшетау, Орал аймақтарының солтүстігінде, Павлодар және Семей алқабында жайғасқан Ертіс өзенінің оң жақ жағасын шолып жайғасқан. Ағашты массивтер, жыртылған далалы учаскелермен, көптеген көлдермен (көбінесе еріген сумен толықтырылатын) араласып дамыған. Бұл аймақтарда ағаштардан қайың және терек саналады, ал кейбір учаскелерде қарағай да кездеседі. Аңшаруашылықтарын бұлан, елік, қабан, ақ қоян, сұр қоян, құр, шіл, қаз, үйректің барлық түрлері және т.б. мекендейді [2].

Бағалы жануарларды сақтау мақсатында ежелгі уақыттан бері аңшыларда аңшылық этикет қалыптасқан. Ең құнды жануарларды (сусар, құндыз, бұлғын және тұяқтылардың көпшілігі) тек арнайы рұқсат - лицензиялар бойынша аулауға рұқсат беріледі. Берілген лицензиялардың саны аудандағы немесе аңшылық шаруашылығындағы жануарлардың саны туралы ақпаратпен анықталады. Жануарларды атуға немесе аулауға арналған лицензиялар спорттық аң аулау, ет, тері өнімдерін алу үшін, кейде жануар нашар өндірілген болса, ауырса немесе ол жарақаттанған болса беріледі.

Қояндарды және басқа да көптеген жануарларды аулау мерзімдері нормалармен, ережелермен шектелген. Аң аулау мерзімдерін аудандық, облыстық және республикалық атқарушы органдар аңшылықты басқару

органдарының ұсынысы бойынша белгілейді. Егер аңшылық алқаптағы жануарлар саны аз болса немесе бұл азаю басқа қажеттілікке байланысты болса тіркелген аңшылық шаруашылықтарын пайдаланушылар бұл мерзімдерді қысқарта алады [3,4].

Аң аулау маусымының басталу және аяқталу мерзімі жылда бірдей емес. Олар жыл мезгілдерінің басталуына аз уақыт қалғанда - жылдың ерекшеліктері - маусымдық ұшып келуке, ұя салу, терінің толыққанды қалыптасу уақытын және т.б. ескере отырып анықталады. Соңғы жылдары аңдарды үркітпеу үшін көптеген аңшылық шаруашылықтарында бір күнде немесе таңертең алыс қашықтан жануарларды ату үшін патрондар саны шектелген. Кейбір жағдайларда мемлекеттік аңшылық инспекциясы және аңшылық шаруашылықтарының әкімшілігі маусымның барлық күндерінде аң аулауға рұқсат бермейді, бірақ ық күндерін (аптасына 1-3 күн) енгізеді, бұл жабайы жануарлар қорының сақталуына да ықпал етеді.

Сирек құрып кету қаупі бар жануарларды аулауға тыйым салынады. Ұзақ мерзімді ату тыйымдары көптеген жануарлардың түрлерін жойылудан сақтап қалды. Олардың ішінде алдымен мемлекеттің және аңшылардың қорғауымен жойылудан сақталып қалғанақбөкен, бұлан, құндыз, бұлғынды атап өткен жөн. Аң аулау ережелері сонымен бірге ерекше эстетикалық құндылығы бар жабайы жануарларды атуға тыйым салады (әнші құстар, аққулар). Өздерінің негізгі тіршілік ету ортасынан миграция жасап келген фламинго, үкі, грифтер сияқты т.б. сирек кездесетін құстарды атуға рұқсат етілмейді. Қорек, су тасқыны, мұз немесе басқа себептер бойынша қиыншылыққа тап болған жануарларды аулауға тыйым салынады.

Әрбір аңшы жануарлар мен құстарды аулау ережелерін қатаң сақтау керек. Бұл айыппұлдың немесе басқа жазаның алдын алу үшін ғана емес, ең алдымен, барлық шектеулер аңшылардың мүддесі үшін, табиғатты қорғау мүдделері үшін маңызды.

Біздің заманымыздағы негізгі кәсіп ретінде аң аулау адамдардың тіршілігінің бір бөлігіне айналды. Аңшылардың көпшілігі әуесқойлар, олар бос уақыттарын негізгі іс-шаралардан спорттық-әуесқойлық аң аулаумен айналысуға арнайды. Кейбір аңшылар үшін кәсіпшілік аң аулау - бұл танымал табыс табу болып есептеледі. Спорттық-әуесқойлық пен кәсіпшілік аң аулау арасындағы шекаралар біртіндеп жойылуда. Аңшылық өнімдерін өндіруге және жинауға арналған кәсіпшілік аң аулау жыл сайын артып келеді [5].

Бонитировка дегеніміз - жануарлардың мекен ету жағдайларын баллмен бағалау. Осыған орай, аңшылық жануарлардың тіршілік етулеріне қолайлы алқаптар бағаланады. Аңшылық алқаптардың типіне байланысты орташа өнімділікті және шаруашылық бойынша түгелдей анықтауға (есептеуге) болады. Орташа өнімділікті бірнеше жылдық көрсеткішпен (максимальный) және бір жылдық көрсеткішпен де (минимальный) анықтайды. Өнім дегеніміз - жыл бойы алқапты пайдалануда алынатын аң терісі және жабайы құс ет өнімінің мөлшері. Алқаптың өнімділігі - аңшылық фаунаның нақтылы қорын мінездейтін көрсеткіш. Аңшылық алқаптың

сыйымдылығы деп, ауданның бірлік өлшеміне потенциалды мүмкіндігінше келетін жабайы жануарлар санын айтады. Шаруашылықты бағыттап жүргізген жағдайда, алқап сыйымдылығы әртүрлі жабайы аңдар түрі бойынша өте өзгеріп тұруы мүмкін. Сыйымдылық - азықтандыратын ортаның функциясын көрсетеді, яғни аңдар популяциясын қасиеттейтін фактор емес.

Аңшылық алқапты бонитировкалау жұмысын көктем-жазғы және күз-қысты кезеңдерде жүргізуге болады. Өндірістік шаруашылық жағдайында оны 1-ақ рет жүргізеді, әдетте аңшылық кезең алдында. Д.Н. Данилов бонитировкалау жұмысын 6 ай бойы жүргізуді нұсқайды, бір ай бұрын аңшылық кезеңнен және бір ай аңшылық кезеңде. Бұл жағдайда, бонитировканың нәтижесі әр алқаптардағы және шаруашылықтағы жануарлар дүниесінің санын айғақтайды. Осы көрсеткіштерді негізге алып, келесі аңшылық кезеңген аңдар қорын пайдалану жұмыстарын ұйымдастырады және ол үшін аңшыларды сұрастыруда жиналған мәліметтерді де кеңінен қолдану өте қажет. Спорт бағытындағы аңшылық шаруашылықтарда бонитировка жұмысын екі рет жүргізген өте дұрыс: көктем-жазғы және күзгі-қысты кезеңдерде [6].

Аңшылық алқаптар түрлері тіршілік ету ортасының экологиялық жағдайының эквиваленттілігін көрсетеді, ал бонитеттер экологиялық бағалауды ұсынады. Осылайша, жануарлардың тіршілік ету ортасының жағдайын бағалау бонитировка міндеті болып табылады. Д.Н. Даниловтың әдісі бойынша барлық алқаптар нашар, орташа және жақсыға бөлінеді. Одан кейін, мекен ету ауданының сапасына қарай, бонитеттің орташа өлшемді көрсеткіші анықталады. Ол шаруашылық алқаптарында нақты бір жануардың санының максималды деңгейін есептеуге, биотехниялық шаралардың жоспарын алдын ала құруға мүмкіндік береді. Содан кейін бағаланған алқап бөлімдер деректерін жинақтап, жалпылай ең ірі аң шаруашылық аймағын (аңшылық бригадалық учаскелері, бөлімше, шаруашылық)бағалайды. Ең белгілі есептеу жолы төмендегідей (Русанов). Орманды аңшылық алқаптың өнімділігін бағалауда бес балды бонитировкалық шкала қолданылады. I класты бонитет ең жақсы алқаптар, II және III класқа жақсы және орташа бонитетті алқаптар енеді, IV класқа нашар, кездейсоқ аңдар мекендейтін, ал V класқа, бұл жерге тән емес аң түрлері және бұл жерде өте сирек тараған алқаптар жатады.

Ормансыз аңшылық алқаптарды бонитировкалағанда үш балды шкаламен шектелуге болады. Дегенмен, бонитировкалау жұмысы еңбектенуді көп талап етіуіне байланысты, жоғарғы көрсетілген шкаланы орманды алқапты бағалағанда да жие пайдаланады. Кейде бонитеттік класты пайызбен де көрсетеді. Мысалы, ең жоғарғы өнімділік бонитетін 100 пайыз деп алсақ, I- класты бонитет мөлшері - 100-71%, II, III, IV және V класты бонитет, осыған сәйкес 70-47; 46-27; 26-11 және 10% төмен. Негізінде ең дұрысы, бір аңшымен, немесе, 2-3 аңшылардан тұратын звеномен игерілетін алқаптың жекеше мекендерін, иә болмаса өндірістік учаске топтарын бонитировкалау[7].

Бағалы жануарларды сақтау мақсатында ежелгі уақытта аңшыларда аңшылық этикет қалыптасқан. Ең құнды жануарларды (сусар, құндыз, бұлғын және тұяқтылардың көпшілігі) тек арнайы рұқсат - лицензиялар бойынша аулауға рұқсат беріледі. Берілген лицензиялардың саны аудандағы немесе аңшылық шаруашылығындағы жануарлардың саны туралы ақпаратпен анықталады. Жануарларды атуға немесе аулауға арналған лицензиялар спорттық аң аулау, ет, тері өнімдерін алу үшін, кейде жануар нашар өндірілген болса, ауырса немесе ол жарақаттанған болса беріледі.

Ақмола облысы бойынша орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы аңшылық шаруашылықтар мен Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді біріктіретін мекеме болып табылады. Бұл жерде аңшылық шаруашылығының бірнеше түрі дамыған: мемлекеттік, тұтынушы одақтық және қоғамдық аңшылық. Ауланатын аң мен құсты азайтпай, көбейте беруде аңшылық шаруашылықтарының зор мәні бар.

Қазақстан Республикасында әрбір облыс бойынша жабайы жануарлар дүниесін қорғау мен олардың өсімін молайту мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Атап айтатын болсақ, басты жұмыстарға жабайы жануарлар санын арттыру, олардың қорын тиімді пайдаланудың жолдарын анықтау, яғни биотехникалық шаралар, сонымен қатар саны азайып бара жатқан аңдар мен құстарды мекен ету ортасында сақтап қалу, сирек кездестіретін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыруды жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі уақытта жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы болып табылатын жерлерде аңдар мен құстардың жойылып кетпеуіне бағытталған жұмыстар мен іс-шаралардың сапалы жүргізілуіне аса назар аударылуда.

Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы 134 аңшылық шаруашылықтары мен 3 МҰТП-ді біріктіреді. Ауланатын аң мен құсты азайтпай, көбейте беруде аңшылық шаруашылықтарының ғылыми мәні зор. Ақмола облысында аңшылық шаруашылықтарының саны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және аңшылық алқаптардың белгіленген ауданы Ақмола облысының аумағында мынадай болып бекітілген: Облыстың ауданы - 14 621 838 га; Аңшылық алқаптарының ауданы - 12 282 094,2 га; Соның ішінде бекітілген аңшылық алқаптарының ауданы - 9 894 603,2 га; Аңшылық резервтік ауданы - 2,387,491 га; Олардың ішінен аңшылық шаруашылықтары ұйымдастырылған резервтік қордағы қамтамасыз етілмеген аңшылық алқаптарының саны - 26 (2,088,391 га); Резервтік қордағы аңшылық аумақ, онда жоқ аңшылық шаруашылығы - 299 100 га; Аңшылық шаруашылығы субъектілері - 78; Ұйымдастырылған аң аулау объектілері, яғни аңшылық шаруашылықтары - 134.

Еліміздің Ақмола облысының жер бедері негізінен жазық. Климаты шұғыл континенталды. Қысы суық, әрі ұзақ, жазы ыстық салыстырмалы қысқа. Қаңтардың орташа температурасы $-16,7^{\circ}\text{C}$, шілдеде $+18,7^{\circ}\text{C}$. Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесіне қарасты аңшылық шаруашылықтары

134 екені белгілі. Ондағы аудан бойынша ең ірілеріне Біржан Сал ауданындағы «Қойтас» - 232 800 га, Атбасар ауданындағы «Аупельдек» - 209 779 га, ең кішілеріне Қорғалжын ауданындағы «Күлтай» - 13920 га, Ақкөл ауданындағы «Кемерколь» - 6279 га аңшылық шаруашылықтары жатады.

Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына қарасты аңшылық шаруашылықтарында өзіндік бақылау жұмыстарынан алынған мәліметтер зерттеу кезінде қолданылады. Зерттеу бағдарламасына сәйкес аймақтың климаты, аңшылық алқаптардың жағдайы, есепке алу жұмыстары, жануарларға арналған биотехникалық шаралар кешенің ұйымдастырудың тиімді жолдары анықталады.

Аймақтың климаттық жағдайларының жабайы жануарларға әсерін анықтау үшін келесідей факторларды қарастырылды: қыс мезгілінде ауаның орташа температурасы, тұрақты қар жамылғысының түсуі, оның биіктігі, көктем мезгілінде ауаның орташа температурасы, жауын-шашынның түсуі, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, жаз мезгілінде ауаның жоғарғы температурасы, орташа жылдық жауын-шашын, желдің соғуы, күз мезгілінің орташа температурасы, жауын-шашын мөлшері, алғашқы қардың түсуі.

Аңшылық шаруашылықтарының перспективалық бағыттары мен ғылыми негіздері жұмыстары «Кокшетауское», «Бозайығыр» аңшылық шаруашылықтарында жүргізіледі. Есепке алу жұмыстарын жүргізу мен алқап сапасын бағалау алдында қажетті әдебиет көздерімен танысып, аңшылық жануарлардың алқапта таралу ерекшеліктері жайында жергілікті орманшылармен және аңшылардан сұрастыру арқылы мәліметтер жиналады деп жоспарлануда. Есепке алу жұмыстарына фотоқұралдар, карта, қарындаш, бланкілер, жануарлар есебінің журналдары қолданылды, алқап сапасын бағалау Даниловтың 5 балдық шкаласы арқылы анықталады.

Қазақстан Республикасындағы аңшылық шаруашылықтарын дамытудың негізгі перспективасы мен ғылыми негізіне мыналар кіреді: кәсіптік аң аулау жануарларының ең маңызды түрлерінің көбеюі (бұлан, елік, қабан, бұғы, марал, арқар, таутеке, бұлғын, түлкі, қояндар және т.б.) олардың тіршілік ету ортасындағы экологиялық сыйымдылығына сәйкес деңгейге дейін көтеру; аңшылық шаруашылықтардағы аңшылық алқаптарының әр муниципалды бөлігінде кемінде 3 мемлекеттік аңшылық инспекторды қызметпен қамтамасыз ету; аңшылық жануарларды заңсыз, браконьерлік жолмен аулауды төмендету; кәсіптік-әуесқойлық мақсаттағы жануарларды (кеміргіштер, жыртқыштар, тұяқтылар) белгіленген лимитпен аулауды барынша дамыту; аңшылық алқаптың сапасын арттыру және аң аулаудың халыққа қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін аңшылық жануарларды өсірумен айналысатын аңшылық шаруашылықтарының санына қарай сапасын жақсарту.

әдебиеттер тізімі:

1 Чашухин В., Сконин А. Журнал «Охота и охотничье хозяйство», №9, 2000. Б.40-42.

2 Шекенов Е.Ш. Аңшылық алқаптар типологиясы және аңшылық шаруашылығын құру пәнінен жұмыс дәптері. Астана, 2002. Б.10-11.

3 Дежкин. В. Охота и охотничье хозяйство мира. - М.: Лесная промышленность, 1983. Б.21-22.

4 Долгушин И.А. Қазақстан жануарлар әлемі. Қазақстан физикалық географиясы бойынша очерктер. Алматы. 1952. Б.52-54.

5 Козлов В.М. Типология охотничьих угодий с основами охотустройства: Учебное пособие. - Киров: Вятская ГСХА, 2012. Б.23-25.

6 А.А.Данилкин Фермерское охотничье хозяйство ИПЭЭ им. А. Н. Северцова РАН, 2011.Б.13-15.

7 10 Чехов А.П, На охоте, Москва, «Лань» 2013. Б.16-20.